

«6D050600 – Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Иляшова Гулия Кенжебековнаның «Қазақстан Республикасының заманауи экономикасындағы халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуы: қалыптасуы және даму тенденциялары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

| Р/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|-------|--|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | <p>ҚР 2000-шы жылдан бастап жұмыспен қамтудың мемлекеттік саясаты кедейшілік және жұмыссыздықпен күрес бойынша бағдарламалар шегінде жүзеге аса бастады, сонымен бірге жұмыссыздарды жұмысқа орналастыруды, оларды кәсіби даярлау және қайта дайындауды, кәсіби дағдыларды талап ететін қоғамдық жұмыстарға тартуды, облыстар бойынша, соның ішінде салалар және қызметтер түрі бойынша индикативті көрсеткіштердің болуын қарастырды. Бағдарламаларды жүзеге асыру белгілі бір дәрежеде жұмыссыздық деңгейінің төмендеуіне, жұмысқа орналастыруды ұйымдастыруға ықпал етті. Дегенмен жұмыспен қамтудың, еңбекке жарамды халықты тиімді пайдалану, жұмыс күшіне сұранысты арттыру, оның ұсынысын оптималдандыру, жұмыс күші құнын арттыру және сапасын жақсарту сынды маңызды критерийлері мемлекеттік реттеу аясынан тыс қалған еді.</p> <p>2012 жылы (ҚР «Жұмыспен қамту туралы Заңы» 2016ж. №482-V 4 бап, 26 бекітілген) өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты жұмыспен қамтылған халық құрамына енгізгеннен кейін Қазақстанда Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020, Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырыла бастады, 2013 жылы өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты нәтижелі және нәтижесіз топтарға бөлген «Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар санын, олардың орташа айлық табыстарының деңгейін және жұмыссыз халықтың санын анықтау Әдістемесі» жасалынды, және т.с.с. құжаттар қабылданған. Осы орайда диссертациялық жұмыс қазіргі ғылыми сұраныстарға сай зерттеліп, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен тығыз байланыстылықты сақтай отырып орындалған.</p> |

| | | |
|-------------------------------|---|--|
| | <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p> | <p>Диссертация ғылым дамуының келесі басым бағыттарына сәйкес келеді.</p> <p>1) ҚР «Жұмыспен қамту туралы Заңы» 2016ж. №482; 2) Қазақстан Республикасының Үкіметі, жұмыскерлердің республикалық бірлестіктері және жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері арасындағы 2018-2020 жылдарға арналған Бас келісім; 3) Қазақстан Республикасында мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту жөніндегі 2011-2015 жылдарға арналған бағдарлама; 4) Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауы, 2019 жылғы 2 қыркүйек.</p> |
| <p>2. Ғылымға маңыздылығы</p> | <p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған</p> | <p>Жұмыстың ғылымға қосатын үлесі бар, және де оның маңыздылығы жақсы ашылған. Диссертациялық жұмыста халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуының даму үрдістері мен заңдылықтарын зерттеу арқылы өзін-өзі жұмыспен қамту тұжырымдамасының мазмұнын ашуда өзін-өзі жұмыспен қамтудың авторлық түсініктемесі берілген, Қазақстан экономикасындағы бейресми жұмыспен қамтылуды мемлекеттік реттеудің механизмдерін көрсете отырып өзін-өзі жұмыспен қамтудың мемлекеттік реттеу кезеңдері айқындалды және ұлттық экономика дамуына халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуының әсерін бағалау үшін елдегі ЖІӨ мен халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуы арасындағы байланысты модель тұрғызу арқылы көрсеткен, Қазақстан Республикасындағы өзін-өзі жұмыспен қамтудың даму сценарийін жасаған.</p> <p>Диссертацияның зерттеу нәтижелері автордың ғылыми жарияланымдарындағы 21 ғылыми жұмыстарында көрініс тапқан, соның ішінде Scopus деректер базасына кіретін журналда - 2, ҚР ҒЖБМ ҒЖБҚК бекіткен журналда - 7, Халықаралық конференция материалдарында - 9, халықаралық конференция материалының жинағы Scopus деректер базасындағы Proseding журналда - 2, «Креативная экономика: новые шансы для развития» ұжымдық монографиясында (2020) -1.</p> |

| | | | |
|----|---|---|--|
| 3. | Өзі жазу принципі | <p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған | <p>Диссертациялық жұмыс автормен дербес түрде жоғары деңгейде жазылған. Автордың ғылыми көзқарасы Қазақстанның заманауи экономикасындағы халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуының қалыптасуы мен дамуы және оның ұлттық экономика дамуындағы, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық қатынастарының жүйесіндегі рөлін теориялық-әдістемелік тұрғыда зерттеуімен, практикалық талдауымен және диссертация тақырыбының мәселесін кешенді қарастыру нәтижелері бойынша ұсыныстар беруімен айқындалады.</p> |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | <p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>негізделген</u>; 2) <u>жартылай негізделген</u>; 3) <u>негізделмеген</u>. | <p>Еңбек нарығының жұмыспен қамту құрылымындағы өзін-өзі жұмыспен қамудың қалыптасу факторларын анықтауы және функцияларын жіктеуі, бейресми сектор мен ресми сектордағы жұмыспен қамту айырмашылығын жіктеуі, Қазақстанда өзін-өзі жұмыспен қамуды мемлекеттік-құқықтық реттеу жүйесінің қалыптасуы кезеңдерін айқындап толықтыруы, ҚР бейресми жұмыспен қамтылғандарды мемлекеттік реттеу тетігін қарастыруы, бейресми жұмыспен қамтылған тұлғалардың іс-әрекетін заңдастыру мақсатында енгізілген Бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) тетігін және ҚР өзін-өзі жұмыспен қамтылғандарды мемлекеттік реттеу тетігін талдауы, елдегі өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық санының ЖІӨ өсу қарқынына әсерін модельдеуінің, ҚР өзін-өзі жұмыспен қамтуды экономикалық реттеудің басымдықты бағыттарын анықтауының практикалық маңыздылығы бар.</p> |
| | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды; | <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>айқындайды</u>; 2) <u>жартылай айқындайды</u>; 3) <u>айқындамайды</u>; | <p>Диссертация негізгі үш бөлімнен және әрбіреуі үш бөлімшелерден тұрады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуының теориялық - әдістемелік негіздері (өзін-өзі жұмыспен қамтудың мәні, қалыптасу факторлары және оның ұлттық экономика дамуындағы рөлі, экономикадағы халықтың өзін-өзі жұмыспен қамту жағдайын бағалаудағы әдістемелік тәсілдер, халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуын мемлекеттік реттеу тетіктерінің халықаралық тәжірибесі); 2) Қазақстан Республикасы халықтың өзін-өзі жұмыспен қамту саласындағы экономикалық қатынастар жүйесін талдау (экономикадағы халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуының қазіргі жай-күйі мен даму динамикасын талдау, өзін-өзі жұмыспен қамту санатындағы қызметкерлердің экономикалық және құқықтық жағдайын талдау, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық санының ЖІӨ өсу қарқынына әсерін модельдеу); 3) Қазақстандағы өзін-өзі жұмыспен қамту: даму тенденциялары мен перспективалары (Қазақстан еңбек нарығында өзін-өзі жұмыспен |

| | | |
|--|---|--|
| | | <p>камтығандар секторының даму мүмкіндіктері және әсер ететін тәуекелдер, өзін-өзі жұмыспен қамтудың даму сценарийін жасау, ынталандыру тәсілі негізінде халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуын тіркеу процесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстар).</p> <p>Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық ашады және жұмыстың құрылымына сәйкес келеді. Жұмыс мазмұны диссертациялық зерттеудегі алға қойылған мақсат пен міндеттерге қол жеткізуді мүмкіндігіне сай құрылған.</p> |
| | <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p> | <p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертациялық жұмыстың тақырыбына толық сәйкес келеді: халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуының; халықтың өзін-өзі жұмыспен қамту саласындағы экономикалық қатынастар жүйесін талдаудың; еңбек нарығында өзін-өзі жұмыспен қамтығандар секторының даму мүмкіндіктерінің негізгі ғылыми-әдістемелік аспектілерін ашады.</p> |
| | <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p> | <p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан. Диссертациялық жұмыс ішкі бірлігі бар логикалық аяқталған зерттеу болып табылады. Зерттеудің нақты тұжырымдалған мақсаты мен міндеттері диссертацияның әрбір бөлімінде дәйекті теориялық және әдістемелік шешімін тапты, қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар түрінде қалыптасты. Барлық нәтижелер, қорытындылар мен тұжырымдар ішкі өзара байланысты, әрбір келесі тұжырым жалпыдан жекеге қағидасын сақтай отырып, әрбір бөлімдердің бірізділік принципімен өзара байланысқан логикалық құрылыммен орындалған.</p> |
| | <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p> | <p>Автор өзін-өзі жұмыспен қамту аясындағы осыған дейінгі шешімдерге сыни талдау жүргізу негізінде диссертациялық зерттеудің мазмұнын ашатын жеке дәйекті шешімдерін ұсынады. Атап айтқанда шетелдік және отандық авторлардың ғылыми еңбектеріне кең көлемде сыни талдау жүргізе отырып халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуының даму үрдістері мен заңдылықтарын зерттеу арқылы өзін-өзі жұмыспен қамту тұжырымдамасының мазмұнын қарастырып өзін-өзі жұмыспен қамтудың авторлық түсініктемесін қалыптастырған, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросының ресми деректері негізінде терең статистикалық талдау жүргізген, сондай-ақ республика өңірлері бойынша жергілікті жерлерде өзін-өзі жұмыспен қамтуды дамыту мәселелерін нақтылау арқылы елде жасырын жұмыссыздықты азайту және өзін-өзі жұмыспен қамтуды дамыту бойынша ұсыныстар</p> |

| | | |
|---|--|---|
| | | |
| <p>дайында, өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың БЖТ тегіне деген көзқарастарын анықтау үшін зерттеушілік пікірлерім жинауда Сауалнама жүргізген, оған республиканың дерлік барлық өңірінен 500 респонденттер қатысқан және соның негізінде халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуын тіркеу процесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстар әзірленген, Қазақстан Республикасындағы өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық санының ЖІӨ өсу қарқынына әсерін экономикалық-математикалық негізде шекті және панельдік регрессиялық модельдер құру арқылы өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың ұлттық экономика дамуына әсері бағаланған.</p> <p>Диссертациялық зерттеу барысында ізденуші алған жекелеген тұжырымдар мен қорытындылар ішінара жаңа және жаңа ғылыми нәтижелер сипатында:</p> <p>1-нәтиже жаңа болып табылады, өйткені автор өзін-өзі жұмыспен қамтудың экономикалық мәнін ашу үшін бар ғылыми көзқарастарды қазақстандық ерекшеліктерді ескере отырып сыни талдау негізінде «экономикалық категория ретінде өзін-өзі жұмыспен қамту» ұғымының өзіндік түсіндірмесін ұсынды;</p> <p>2-нәтиже жартылай жаңа болып табылады, себебі әдебиеттерде ұсынылған ұлттық экономиканың дамуына әсерін талдау үшін өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды реттеу саласындағы әлемдік тәжірибеге зерттеу жүргізілді. Бірақ автор Қазақстандағы өзін-өзі жұмыспен қамтудың қазіргі жағдайы мен оның даму тенденциясын талдауы жаңа, олардың негізінде өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың сапалық және сандық құрылымына статистикалық талдау жүргізе отырып оның қазіргі жағдайы мен даму бағыттарын анықтады;</p> <p>3-нәтиже жаңа болып табылады, өйткені ұлттық экономика дамуындағы халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуының рөлі айқындалып, оның Қазақстан экономикасы дамуына әсері бірнеше регрессиялық модельдер құру жолымен өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық санының ЖІӨ өсу қарқынына әсерін модельдеу негізінде бағаланған;</p> <p>4-нәтиже жаңа болып табылады, өйткені Қазақстанның өзін-өзі жұмыспен қамту саласын мемлекеттік реттеу жүйесінің қалыптасу кезеңдері толықтырылып, елдегі өзін-өзі жұмыспен қамтудың қалыптасуы мен құрылымын талдау негізінде фриланс, жеке кәсіпкер, өзін-өзі жұмыспен қамту ұғымдарының сипаттамасы және қолданылу ерекшелігі анықталып, елдегі өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың даму сценарийі жасалған;</p> <p>5-нәтиже жартылай жаңа болып табылады, себебі Қазақстан</p> | <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> | <p>Ғылыми Жанашылдық принципі</p> |

| | | | |
|----|-------------------------------------|--|--|
| | | <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> | <p>Республикасында халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуын экономикалық және құқықтық реттеудің ерекшеліктерін көрсеткен, дегенмен өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты рәсімдеудің басымдықты бағыттарын анықтаған және Қазақстандағы кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба негізінде өзін-өзі жұмыспен қамтушыларды өз ісін ашуға бағдарлау және шағын кәсіпкерлікті дамытуға барынша жағдай жасау бойынша ұсыныстар әзірлеген.</p> <p>Ізденушінің диссертациялық жұмысында тұжырымдалған қорытындылары ішінара жаңа және сенімді болып табылады. Диссертациядағы қорытындыларының сенімділік деңгейі, талдауларда арнайы бағдарламаларды қолдана отырып және сауалнама жүргізу әдісімен нақты нәтижелер ала отырып, сауатты түрде негізді интерпретациялаумен, әртүрлі факторлардың сенімділігі мен жарамдылығының мәндерін тестілік сынаумен байланысты.</p> <p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген. Олар өз кезегінде диссертациялық жұмыста берілген зерттеу нәтижелерін енгізу актілерімен расталады.</p> |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | <p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p> | <p>Диссертациядағы барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелермен негізделген. Зерттеу жұмысында көптеген ғылыми дереккөздердің, соның ішінде ағылшын және орыс тіліндегі әдебиеттердің негізінде өзін-өзі жұмыспен қамтудың теориялық-әдістемелік аспектілері зерттелген. Қазақстан Республикасындағы өзін-өзі жұмыспен қамтудың қазіргі жағдайы мен оның даму тенденциясы статистикалық тұрғыдан талданып, Қазақстанның өзін-өзі жұмыспен қамту саласын мемлекеттік реттеу жүйесінің қалыптасу кезеңдері зерттеліп толықтырылған, экономикадағы өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың Қазақстан экономикасы дамуына әсері бірнеше регрессиялық модельдер құру жолымен бағаланған, бейресми жұмыспен қамтылған тұлғалар үшін жеке кәсіпкер ретінде ресми тіркелмей-ақ кәсіпкерлік іс-әрекетті жүргізуге мүмкіндік беретін әлеуметтік төлем – арнайы салық режимі -Бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) тетігі елдегі өзін-өзі жұмыспен қамтушыларға сауалнама жүргізу арқылы бағаланып өзін-өзі жұмыспен қамтушыларды өз ісін ашуға бағдарлау және шағын кәсіпкерлікті дамытуға барынша жағдай жасау бойынша ұсыныстар</p> |

| | | | |
|----|--|---|---|
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар | <p>Әр қағидағ бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидағ дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u></p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) <u>тар</u>; 2) <u>орташа</u>; 3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>иә</u> 2) <u>жоқ</u></p> | <p>әзірлеген. Қорытындылардың негізделуі зерттеудің кешенді жүргізілуімен де анықталған.</p> <p>Ізденуші диссертацияны қорғауда бес негізгі тұжырымдаманы шығарады:</p> <p>1) Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың әлеуметтік мәртебесін нақтылау және оның жеке кәсіпкерлікті дамытудың алғы шарты екенін анықтай отырып өзін-өзі жұмыспен қамтудың экономикалық мәніне берілген авторлық түсіндірмесі.</p> <p>7.1 Қағидағ дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u></p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) <u>тар</u>; 2) <u>орташа</u>; 3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>иә</u> <u>жоқ</u></p> <p>2) Қазақстан экономикасындағы бейресми жұмыспен қамтылуды мемлекеттік реттеудің тетіктерін көрсете отырып өзін-өзі жұмыспен қамтудың мемлекеттік реттеу кезеңдері айқындалды және Бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) тетігі талданды.</p> |
|----|--|---|---|

7.1 Қағидат дәлелденді ме?

- 1) дәлелденді;
- 2) шамамен дәлелденді;
- 3) шамамен дәлелденбеді;

дәлелденбеді

7.2 Тривиалды ма?

1) иә;

2) жоқ

7.3 Жаңа ма?

1) иә;

2) жоқ

7.4 Қолдану деңгейі:

1) тар;

2) орташа;

3) кең

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

1) ия

2) жоқ

3) Ұлттық экономика дамуына халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуының әсерін бағалау үшін елдегі ЖІӨ мен халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуы арасындағы байланысты модельдеу арқылы олардың өзара байланысы анықталды және негізделді.

7.1 Қағидат дәлелденді ме?

- 1) дәлелденді;
- 2) шамамен дәлелденді;
- 3) шамамен дәлелденбеді;
- 4) дәлелденбеді

7.2 Тривиалды ма?

1) иә;

2) жоқ

7.3 Жаңа ма?

1) иә;

2) жоқ

7.4 Қолдану деңгейі:

1) тар;

2) орташа;

3) кең

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

1) ия

2) жоқ

4) Қазақстан Республикасы өзін-өзі жұмыспен қамтудың даму сценарийлері жасалды және соның шегінде фриланс, дара кәсіпкер, өзін-өзі жұмыспен қамту түсініктерінің сипаттамасы нақтыланды, сондай-ақ жеке кәсіпкерлікті дамыту арқылы елдегі жұмыссыздық деңгейін төмендетуге негіз бола алатындығы дәлелдене отырып өзін-өзі жұмыспен қамтуды шағын кәсіпкерліктің алғы шарты деп тану ұсынылды.

7.1 Қағидат дәлелденді ме?

1) дәлелденді;

2) шамамен дәлелденді;

3) шамамен дәлелденбеді;

4) дәлелденбеді

7.2 Тривиалды ма?

1) иә;

2) жоқ

7.3 Жана ма?

1) иә;

2) жоқ

7.4 Қолдану деңгейі:

2) тар;

3) орташа;

4) кең

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

1) ия

2) жоқ

5) Заманауи экономикадағы өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың рөлін және олардың үлесін елдегі өзін-өзі жұмыспен қамтушы адамдарға сауалнама жүргізу арқылы анықталып өзін-өзі жұмыспен қамтушыларды ынталандыру жолдары бойынша ұсыныстар жасалды.

7.1 Қағидат дәлелденді ме?

1) дәлелденді;

2) шамамен дәлелденді;

3) шамамен дәлелденбеді;

4) дәлелденбеді

7.2 Тривиалды ма?

1) иә;

2) жоқ

| | | | |
|----|---|--|--|
| | | | <p>7.3 Жаңа ма? 1) <u>иә</u>; 2) <u>жок</u></p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>иә</u> 2) <u>жок</u></p> |
| 8. | Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | <p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>иә</u>; жок</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау пайдалана отырып алынған: 1) <u>иә</u>; 2) <u>жок</u></p> | <p>Диссертациялық жұмысты орындау барысында қолданылған әдістер мен әдіснамалардың таңдауы негізделген. Таңдалған зерттеу әдістері диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттерге және алынған нәтижелерге сәйкес келеді. Зерттеу үшін алынған сандық мәліметтердің алынған көздері толық сипатталған.</p> |
| | | | <p>Диссертациялық жұмыста қазіргі заманғы ғылыми зерттеу және компьютерлік технологиялар көмегімен ақпараттарды өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып орындалған.</p> <p>Диссертацияда ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросының ақпараты экономикалық-статистикалық өңделген, Biblioshare for biblioshare бағдарламасы, Microsoft Excel және EViews талдау пакеттік бағдарламасы қолданылған, Алматы қаласы әкімдігінің Халықты жұмыспен қамту орталығының материалдарын талдап, синтездеп, ғылыми жіктеген. Сондай-ақ республика өңірлері бойынша өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың БЖТ тетігіне деген көзқарастарын анықтау үшін арнайы әдістер қолданылды, яғни әлеуметтік пікір-сұраулар, бағдарламалық өнімдерді пайдалана отырып, жиналған ақпаратты бағалаудың аналитикалық құралдары қолданылды, соның ішінде Google формасындағы бағдарламасында онлайн сауалнама жүргізілген.</p> |

| | | |
|---|--|--|
| | <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді):</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u> | <p>Зерттеу жұмысындағы теориялық қорытындылар, модельдеу, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар талдамалық мәліметтермен дәлелденген және расталған.</p> <p>Зерттеу нәтижелері Алматы қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы «Алматы қаласы еңбек мобильділігі орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмысында және «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ- ның Алматы қаласы бойынша аймақтық филиалы тәжірибелерінде ақпараттық-аналитикалық материал ретінде пайдалы болуы туралы актінің енгізілгендігімен расталған. Осы алынған Енгізу актілері Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті үшін де маңызды болып табылады.</p> <p>Сондай-ақ Scopus деректер базасына кіретін «Business and Society Review» (Q2 67%) журналында жарияланған «Self-employment trends amid the pandemic» атты ғылыми мақаласына <i>авторлық куәлік</i> алынған: <i>2021 жылғы «21» сәуір № 16856</i></p> |
| | <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған/ішінара расталған</u> /расталмаған</p> | <p>Зерттеу жұмысында академиялық адалдылық қағидасы сақталған. Диссертациядағы маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p> |
| | <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u></p> | <p>Диссертациядағы пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға толық жеткілікті. Зерттеу жұмысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі бойынша 197 дереккөздер пайдаланылған. Оның ішінде отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері, халықаралық ұйымдардың және қазақстандық ресми ұйымдардың нұсқаулықтары, Кодекс, Заңдар, Президент Жолдаулары бар.</p> |
| <p>9. Практикалық құндылық принципі</p> | <p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u> | <p>Теориялық-әдістемелік тұрғыдан диссертациялық жұмыс қызығушылық тудырады. Ізденуші ұсынған елдегі ЖІӨ мен халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуы арасындағы байланысты модельдеуі, Қазақстан Республикасындағы өзін-өзі жұмыспен қамтудың даму сценарийлері, өзін-өзі жұмыспен қамтудың мемлекеттік реттеу кезеңдерінің толықтырылып айқындалуы, бейресми жұмыспен қамтылған тұлғалар үшін жеке кәсіпкер ретінде ресми тіркелмей-ақ кәсіпкерлік іс-әрекетті жүргізуге мүмкіндік беретін әлеуметтік төлем – Бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) - арнайы салық режимінен бас тартпау туралы жұмыста жүргізілген суалнама негізінде жасалынған ұсыныстары және басқа да қорытындылары жана зерттеу мақсаттарын қоюға негіз болады.</p> |

| | |
|---|---|
| <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u></p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u>; 3) <u>жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</u></p> | <p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін практикада қолдануға болады және оны растайтын енгізу туралы актілері диссертациялық жұмыстың қосымшасында көрсетілген. Сонымен қатар оқу үдерісінде де қолдануға болады, республика университеттерінің «Экономика» мамандығының (бакалавриат деңгейінде) оқу бағдарламасындағы «Еңбек экономикасы» курсына енгізуге болады.</p> <p>Диссертациялық жұмыстағы практикалық ұсыныстары жартылай жаңа болып табылады. Қазақстандағы кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба негізінде өзін-өзі жұмыспен қамтушыларды өз ісін ашуға бағдарлау және шағын кәсіпкерлікті дамытуға барынша жағдай жасау бойынша ұсыныстары негізді болып келеді. <i>Ұсыныс: Зерттеу жұмысындағы 500 адамға жүргізілген сауалнама нәтижесінде берген (нәтижесіз өзін-өзі жұмыспен қамтыған топ үшін БЖТ-дан бас тартпау бойынша) ұсыныста ондағы Айлық есептік көрсеткішті қанша мөлшерге көтеру тиімділігіне тоқталған жөн болар еді.</i></p> |
| <p>10. Жазу және рәсімдеу сапасы</p> <p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>; 2) <u>орташа</u>; 3) <u>орташадан төмен</u>; 4) <u>төмен</u>.</p> | <p>Рецензияланып отырған диссертациялық жұмыс жеткілікті түрде жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде жазылған. Жазу стилі ғылыми, академиялық хат сапасы жоғары, диссертациялық жұмыстың мәтіні өте түсінікті тілмен жазылған. Жұмыс мемлекеттік тілде жоғары деңгейде және философия докторы (PhD) дәрежесін алуға диссертацияларға қойылатын талаптарға сай жазылған. <i>Диссертацияның кейбір мәтінде стилистикалық қателер кездеседі.</i></p> |

Диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады және қолданбалы ғылыми-тәжірибелік нәтижелерден тұрады. Жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету бойынша комитетінің философия докторы (PhD) дәрежесін алуға диссертацияларға қойылатын талаптарына сәйкес орындалған. Айтылған ұсыныстар мен ескертулер орындалған зерттеудің және жасалған елеулі ғылыми-зерттеу жұмысының құндылығын төмендетпейді, ол тек жұмыс сапасын жақсарту бойынша ұсыныстарды білдіреді.

Иляшова Гулия Кенжебековнаның дайындаған «6D050600 – Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Иляшова Гулия Кенжебековнаның «Қазақстан Республикасының заманауи экономикасындағы халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуы: қалыптасуы және даму тенденциялары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ашық қорғауға ұсынылады, ал оның авторы «6D050600 – Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықталды.

Ресми рецензент:

Экономика ғылымдарының кандидаты,

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің оқытушы-дәріскері

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Жетісу» * ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚҰЖАТ АЙНАЛЫМЫ БӨЛІМІ Қолы: *Иляшова Гулия Кенжебековна* РАСТАЙМЫН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАСЫ МЕН СТОҚОЛДАҒЫ АҚЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚҰЖАТ АЙНАЛЫМЫ БӨЛІМІ

3. А. Илимжанова